**Камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама**

2018-04-09 10:56:35 № 27809

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті" РМК

Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 30-бабы 4-тармағының 1) тармақшасына және Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2015-11-30 № 598 бұйрығымен бекітілген Камералдық бақылау жүргізу қағидаларының 11-тармағына сәйкес 2018-04-09 10:56:35 анықталған бұзушылықтарды Бәйдібек ауданы әкімдігінің «Бәйдібек аудандық мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі» мемлекеттік мекемесі, 170840017680, Шаян а. хабардар етеді.

Заңның 31-бабы 2-тармағына сәйкес Сізге осы хабарламаны оны берген күннен (алғаннан) кейінгі күннен бастап он жұмыс күні ішінде орындау қажет.

Мынадай жағдайларда камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама орындалды деп танылады:

- келіскен жағдайда – осы Қағидаға 2-қосымшаға сәйкес хабарлама жіберген Комитетке немесе аумақтық бөлімшеге қағаз немесе электрондық тасығышта бұзушылықтарды жою туралы ақпаратты және қажет болған жағдайда растайтын құжаттарды міндетті түрде ұсына отырып, хабарламада көрсетілген бұзушылықтарды жою;

- келіспеген жағдайда – мемлекеттік аудит объектісінің Заңның 37-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес ұсынған қарсылықты қарау нәтижелері бойынша Комитеттің оң қорытындысы.

Қағиданың 14 тармағына сәйкес, мемлекеттік аудит объектісі хабарламада көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген жағдайда, хабарламаны жіберген Комитеттің аумақтық бөлімшесін бір мезгілде хабардар ете отырып, Ішкі мемлекеттік аудит комитетке хабарлама берілген (алған) күннен кейінгі күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы Қағидаға 3-қосымшаға сәйкес қарсылық жіберуге құқылы.

Камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны белгіленген мерзімде орындамау мемлекеттік аудит объектілерінің кодтары мен қазынашылық органдарда ашық шоттары бойынша, Заңның 32-бабы 1-тармағына сәйкес мемлекеттік аудит объектілерінің банк шоттары (корреспонденттік шоттарды қоспағанда) бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұруға, сондай-ақ «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 462-бабы 3-бөлігіне сәйкес лауазымды тұлғаларды әкімшілік жауаптылыққа тартуға әкеп соғады.

Заңның 60-бабына сәйкес мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының және (немесе) олардың лауазымды адамдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

Анықталған бұзушылықтардың сипаттамасы хабарламаға тіркелді.

Сотрудник Сапарбеков Куанышбек Тастемирович

**2018-04-09 10:56:35 № 27809 хабарламаға қосымша**

Хабарламаның №: 2242472-1

Лоттың № 17594731-ОК1

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінің (әрі қарай – Департамент) бас маманы – мемлекеттік аудитор Н.Исмаилов – Бәйдібек ауданы әкімдігінің «Бәйдібек аудандық мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі» мемлекеттік мекемесін (БСН 170840017680, ОҚО, Бәйдібек ауданы, Шаян ауылы, Т.Тасболатов көшесі 66) 2018 жылы 26 қаңтарда https:/www.goszakup.gov.kz/ веб-порталына жарияланған № 2242472-1 «Елді мекендерге құрылыс салу мен дамыту схемасын әзірлеу» өткізілген мемлекеттік сатып алу процедурасының қорытындысы бойынша мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы ақпаратты жинау, қорыту, талдау, жүйелеу және бағалау негізінде осы мемлекеттік сатып алуға камералдық бақылау жұмыстарын жүргіздім. Камералдық бақылау жұмыстарын – конкурстық құжаттамаға конкурсқа қатысу үшін әлеуетті өнім берушілерге қойылған біліктілік талаптарының және конкурстық комиссия тарапынан әлеуетті өнім берушілердің конкурстық өтінімдерін бағалаудың негізділігінің, ҚР 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (әрі қарай – Заң) және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының» (әрі қарай – Қағидалар) талаптарына сәйкес келуіне жүргізіп, ҚР ҚМ Ішкі мемлекеттік аудит комитеті төрағасының 25.08.2016ж. №94 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алу саласындағы ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның камералдық бақылау жүргізу бойынша нұсқаулығы» негізінде төмендегілерді анықтадым: Ұйымдастырушы болып табылатын Бәйдібек ауданы әкімдігінің «Бәйдібек аудандық мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі» мемлекеттік мекемесі «Елді мекендерге құрылыс салу мен дамыту схемасын әзірлеу» ашық конкурс тәсілімен электрондық мемлекеттік сатып алу үшін https://www.goszakup.gov.kz/ веб-порталында 26.01.2018 жылы №2242472-1 хабарлама орналастырған. 17.02.2018 жылғы ашу хаттамасына сәйкес, конкурстың №17594672-ОК1, № 17594731-ОК1, № 17594901-ОК1 лотына 6 әлеуетті өнім беруші өтінім ұсынған. Олар: «ШЫМГОРПРОЕКТ» ЖШС; «Сантех-Строй Проект» ЖШС; «АДТ-сервис» ЖШС; «ЮгГеостандарт» ЖШС; «Astana Mix Building» ЖШС; «Купол» ЖШС. Конкурстық комиссияның 14.03.2018 жылғы №2242472-1 қорытындылар туралы хаттамасымен алдын ала рұқсат беру хаттамасында көрсетілген ескертулерді ретке келтіру құқығын 6 әлеуетті өнім беруші пайдаланып, 1 әлеуетті өнім беруші «ШЫМГОРПРОЕКТ» ЖШС-нің конкурстық өтінімі конкурсқа қатысуға жіберілген. Конкурсқа қатысуға бір ғана әлеуетті өнім беруші жіберілуіне байланысты конкурс өтпеді деп танылған. Камералдық бақылау барысында анықталғаны: Заңның 9 бабы 1 тармағына сәйкес, әлеуетті өнім берушілерге, құқық қабілеттілігінің (заңды тұлғалар үшін), азаматтық әрекетке қабілеттілігінің (жеке тұлғалар үшін) болуы туралы біліктілік талаптары белгіленген. Осы баптың 3 тармағына сәйкес, әлеуетті өнім беруші біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында көзделген тиісті құжаттарды ұсынады. Қағиданың 85-1 тармағына сәйкес, Тапсырыс берушіге шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті материалдық және еңбек ресурстары, конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікте көрсетіледі. Құрылыс жұмыстары (жаңа құрылыс, бар объектілерді кеңейту, техникалық қайта жасақтау, жаңғырту, реконструкциялау, қайта жаңарту және күрделі жөндеу) бойынша мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру, техникалық-экономикалық негіздеме, жобалау-сметалық құжаттама және қала құрылысы жобаларын әзірлеу кезінде әлеуетті өнім берушілердің материалдық және еңбек ресурстарының болуын растайтын құжат Қазақстан Республикасының рұқсаттар және

хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес берілген тиісті рұқсат (лицензия) болып табылады. Конкурстық құжаттамада әлеуетті өнім берушілерге 51 - Қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және қызметтерді көрсету; K68 - Жобалау қызметі II санатты , – лицензиясының болуы талап етілген. Конкурстық комиссия «Сантех-Строй Проект» ЖШС-нің конкурстық өтінімін – Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» № 648 бұйрығының 150 тармағы 1) тармақшасына сай, ол және (немесе) оның қосалқы мердігері, не бірлесіп орындаушысы Мемлекеттік органдардың ақпараттық (http://elicense.kz/LicensingContent/SimpleSearchLicense) жүйесінде олар туралы мәліметтер расталатын рұқсаттар мен хабарламалар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған рұқсаттардың (I51 - Қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және қызметтерді көрсету бойынша мемлекеттік лицензия) болмауы; Құжаттарын қайта қарау барысында «I51 - Қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және қызметтерді көрсету бойынша» рұқсаты бар «КазГрандЭкоПроект» ЖШС-ін қосалқы мердігер ретінде конкурстық құжаттаманың 10-қосымшасында көрсеткен, алайда 10-қосымшасында әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігері конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуға қатысудың шарттары туралы өзінің хабардар екендігін және әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігерлеріне қатысты бөлігінде конкурстық құжаттамада көзделген талаптарды бұзғаны үшін жауапкершілікті өзіне қабылдауы туралы қосалқы мердігер «КазГрандЭкоПроект» ЖШС-нің немесе уәкілетті өкілінің қолы қойылып расталмаған, - деген себептермен конкурсқа қатысуға жіберілмеген. Заңның 9-бабы 6-тармағына сәйкес, жұмыстардың не көрсетілетін қызметтердің жекелеген түрлерін орындау үшін қосалқы мердігерлер (бірлесіп орындаушыларды) тартылған жағдайда, олардың осы баптың 1-тармағына белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар олар орындайтын жұмыстар, көрсетілетін қызметтер түріне беріледі. Жұмыстарды орындау не қызметтерді көрсету үшін қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) берілуі мүмкін жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің шекті көлемі орындалатын жұмыстардың немесе көрсетілетін қызметтердің жиынтық түрде үштен екісінен аспауға тиіс. Камералдық бақылау барысында, әлеуетті өнім беруші конкурстық құжаттамада «I51 - Қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және қызметтерді көрсету бойынша» рұқсаты бар «КазГрандЭкоПроект» ЖШС-ін қосалқы мердігер ретінде 10 пайыз мөлшерінде жұмысын беретіндігі туралы, конкурстық құжаттаманың 10-қосымшасында көрсеткені анықталды. Тиісінше, қосалқы мердігер «КазГрандЭкоПроект» ЖШС біліктілігін растайтын (біліктілік туралы мәліметтер, лицензия және т.б.) барлық растаушы құжаттарын ұсынған. Сонымен бірге, әлеуетті өнім беруші «Сантех-Строй Проект» ЖШС осы конкурс жеңімпазы болып танылған жағдайда, қосалқы мердігерлік жұмыстарды атқарып беретіндігі туралы алдын-ала ниеттену шартын қоса ұсынғаны анықталды. Бұл ретте, Заңының 24-бабының 2-тармағына сәйкес, әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға өтінімді мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы электрондық құжат нысанында конкурстық құжаттамада көрсетілген, өтінімді ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін береді. Яғни, құжаттарды берудің барлық рәсімдері Қағидада бекітілген үлгілерге сәйкес мемлекеттік сатып алудың веб-порталында электрондық түрде жүзеге асырылады. Камералдық бақылау барысында, конкурстық құжаттаманың 10 қосымшасы веб-портал арқылы әлеуетті өнім берушінің электрондық қолтаңбасымен расталып ұсынылғаны анықталды. Нәтижесінде конкурстық комиссия тарапынан, әлеуетті берушінің конкурстық өтінімі Қағиданың 150-тармағында көзделмеген негіздермен конкурсқа қатысуға жіберілмеген. Конкурстық комиссияның конкурсқа қатысуға өтінім ұсынған басқа әлеуетті өнім берушілердің конкурстық өтінімдерін конкурсқа қатыстырмау негіздері камералдық бақылаумен расталды. Жоғарыдағы анықталған бұзушылықтардың негізінде, https:/www.goszakup.gov.kz/ веб-порталында ашық конкурспен өткізілген № 2242472-1 «Елді мекендерге құрылыс салу мен дамыту схемасын әзірлеу» мемлекеттік сатып алу процедурасын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік

сатып алу туралы» Заңнамаларының талаптарына сәйкестендіруді ұсынамын.

**Уведомление**
**об устранении нарушений, выявленных по результатам**
**камерального контроля**

2018-04-09 10:56:35 № 27809

РГУ "Департамент внутреннего государственного аудита по Южно-Казахстанской области Комитета внутреннего государственного аудита Министерства финансов Республики Казахстан"

В соответствии с подпунктом 1) пункта 4 статьи 30 Закона Республики Казахстан «О государственном аудите и финансовом контроле» (далее - Закон) и пунктом 11 «Правил проведения камерального контроля, утвержденных Приказом Министра финансов Республики Казахстан от 2015-11-30 № 598 уведомляет Государственное учреждение «Отдел государственных активов и закупок района Байдибек» акимата района Байдибек, 170840017680, с.Чаян о нарушениях, выявленных 2018-04-09 10:56:35.

В соответствии с пунктом 2 статьи 31 Закона Вам необходимо исполнить настоящее уведомление в течение десяти рабочих дней со дня, следующего за днем его вручения (получения).

Исполнением уведомления об устранении нарушений, выявленных по результатам камерального контроля, признается:

- в случае согласия - устранение нарушений, указанных в уведомлении с обязательным представлением на бумажном или электронном носителе информации об устранении нарушений в Комитет финансового контроля или его территориальное подразделение, направившие уведомление и при необходимости подтверждающих документов;

- в случае несогласия – положительное заключение Комитета финансового контроля по результатам рассмотрения возражения, представленного объектом государственного аудита в соответствии с подпунктом 4) пункта 1 статьи 37 Закона.

В соответствии с пунктом 14 Правил, объект государственного аудита в случае несогласия с нарушениями, указанными в уведомлении вправе направить в Комитет с одновременным извещением территориального подразделения Комитета, направившего уведомление, возражение согласно приложению 3 к Правилам, в течение пяти рабочих дней со дня, следующего за днем вручения (получения) уведомления.

Неисполнение в установленный срок уведомления об устранении нарушений, выявленных по результатам камерального контроля, влечет приостановление расходных операций по кодам и счетам объектов государственного аудита, открытых в центральном уполномоченном органе по исполнению бюджета, а также банковским счетам (за исключением корреспондентских) объектов государственного аудита в соответствии с пунктом 1 статьи 32 Закона, а также административную ответственность должностных лиц в соответствии с частью 3 статьи 462 Кодекса Республики Казахстан «Об административных правонарушениях».

В соответствии со статьей 60 Закона действия (бездействие) органов государственного аудита и финансового контроля и (или) их должностных лиц могут быть обжалованы в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан.

Приложение с описанием выявленных нарушений прилагается к уведомлению.

Сотрудник Сапарбеков Куанышбек Тастемирович

**Приложение к уведомлению № 27809**

**от 2018-04-09 10:56:35**

№ объявления: 2242472-1

№ лота 17594731-ОК1

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінің (әрі қарай – Департамент) бас маманы – мемлекеттік аудитор Н.Исмаилов – Бәйдібек ауданы әкімдігінің «Бәйдібек аудандық мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі» мемлекеттік мекемесін (БСН 170840017680, ОҚО, Бәйдібек ауданы, Шаян ауылы, Т.Тасболатов көшесі 66) 2018 жылы 26 қаңтарда https:/www.goszakup.gov.kz/ веб-порталына жарияланған № 2242472-1 «Елді мекендерге құрылыс салу мен дамыту схемасын әзірлеу» өткізілген мемлекеттік сатып алу процедурасының қорытындысы бойынша мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы ақпаратты жинау, қорыту, талдау, жүйелеу және бағалау негізінде осы мемлекеттік сатып алуға камералдық бақылау жұмыстарын жүргіздім. Камералдық бақылау жұмыстарын – конкурстық құжаттамаға конкурсқа қатысу үшін әлеуетті өнім берушілерге қойылған біліктілік талаптарының және конкурстық комиссия тарапынан әлеуетті өнім берушілердің конкурстық өтінімдерін бағалаудың негізділігінің, ҚР 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (әрі қарай – Заң) және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының» (әрі қарай – Қағидалар) талаптарына сәйкес келуіне жүргізіп, ҚР ҚМ Ішкі мемлекеттік аудит комитеті төрағасының 25.08.2016ж. №94 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алу саласындағы ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның камералдық бақылау жүргізу бойынша нұсқаулығы» негізінде төмендегілерді анықтадым: Ұйымдастырушы болып табылатын Бәйдібек ауданы әкімдігінің «Бәйдібек аудандық мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі» мемлекеттік мекемесі «Елді мекендерге құрылыс салу мен дамыту схемасын әзірлеу» ашық конкурс тәсілімен электрондық мемлекеттік сатып алу үшін https://www.goszakup.gov.kz/ веб-порталында 26.01.2018 жылы №2242472-1 хабарлама орналастырған. 17.02.2018 жылғы ашу хаттамасына сәйкес, конкурстың №17594672-ОК1, № 17594731-ОК1, № 17594901-ОК1 лотына 6 әлеуетті өнім беруші өтінім ұсынған. Олар: «ШЫМГОРПРОЕКТ» ЖШС; «Сантех-Строй Проект» ЖШС; «АДТ-сервис» ЖШС; «ЮгГеостандарт» ЖШС; «Astana Mix Building» ЖШС; «Купол» ЖШС. Конкурстық комиссияның 14.03.2018 жылғы №2242472-1 қорытындылар туралы хаттамасымен алдын ала рұқсат беру хаттамасында көрсетілген ескертулерді ретке келтіру құқығын 6 әлеуетті өнім беруші пайдаланып, 1 әлеуетті өнім беруші «ШЫМГОРПРОЕКТ» ЖШС-нің конкурстық өтінімі конкурсқа қатысуға жіберілген. Конкурсқа қатысуға бір ғана әлеуетті өнім беруші жіберілуіне байланысты конкурс өтпеді деп танылған. Камералдық бақылау барысында анықталғаны: Заңның 9 бабы 1 тармағына сәйкес, әлеуетті өнім берушілерге, құқық қабілеттілігінің (заңды тұлғалар үшін), азаматтық әрекетке қабілеттілігінің (жеке тұлғалар үшін) болуы туралы біліктілік талаптары белгіленген. Осы баптың 3 тармағына сәйкес, әлеуетті өнім беруші біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында көзделген тиісті құжаттарды ұсынады. Қағиданың 85-1 тармағына сәйкес, Тапсырыс берушіге шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті материалдық және еңбек ресурстары, конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікте көрсетіледі. Құрылыс жұмыстары (жаңа құрылыс, бар объектілерді кеңейту, техникалық қайта жасақтау, жаңғырту, реконструкциялау, қайта жаңарту және күрделі жөндеу) бойынша мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру, техникалық-экономикалық негіздеме, жобалау-сметалық құжаттама және қала

құрылысы жобаларын әзірлеу кезінде әлеуетті өнім берушілердің материалдық және еңбек ресурстарының болуын растайтын құжат Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес берілген тиісті рұқсат (лицензия) болып табылады. Конкурстық құжаттамада әлеуетті өнім берушілерге 51 - Қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және қызметтерді көрсету; К68 - Жобалау қызметі II санатты , – лицензиясының болуы талап етілген. Конкурстық комиссия «Сантех-Строй Проект» ЖШС-нің конкурстық өтінімін – Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» № 648 бұйрығының 150 тармағы 1) тармақшасына сай, ол және (немесе) оның қосалқы мердігері, не бірлесіп орындаушысы Мемлекеттік органдардың ақпараттық (http://elicense.kz/LicensingContent/SimpleSearchLicense) жүйесінде олар туралы мәліметтер расталатын рұқсаттар мен хабарламалар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған рұқсаттардың (I51 - Қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және қызметтерді көрсету бойынша мемлекеттік лицензия) болмауы; Құжаттарын қайта қарау барысында «I51 - Қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және қызметтерді көрсету бойынша» рұқсаты бар «КазГрандЭкоПроект» ЖШС-ін қосалқы мердігер ретінде конкурстық құжаттаманың 10-қосымшасында көрсеткен, алайда 10-қосымшасында әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігері конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуға қатысудың шарттары туралы өзінің хабардар екендігін және әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігерлеріне қатысты бөлігінде конкурстық құжаттамада көзделген талаптарды бұзғаны үшін жауапкершілікті өзіне қабылдауы туралы қосалқы мердігер «КазГрандЭкоПроект» ЖШС-нің немесе уәкілетті өкілінің қолы қойылып расталмаған, - деген себептермен конкурсқа қатысуға жіберілмеген. Заңның 9-бабы 6-тармағына сәйкес, жұмыстардың не көрсетілетін қызметтердің жекелеген түрлерін орындау үшін қосалқы мердігерлер (бірлесіп орындаушыларды) тартылған жағдайда, олардың осы баптың 1-тармағына белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар олар орындайтын жұмыстар, көрсетілетін қызметтер түріне беріледі. Жұмыстарды орындау не қызметтерді көрсету үшін қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) берілуі мүмкін жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің шекті көлемі орындалатын жұмыстардың немесе көрсетілетін қызметтердің жиынтық түрде үштен екісінен аспауға тиіс. Камералдық бақылау барысында, әлеуетті өнім беруші конкурстық құжаттамада «I51 - Қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және қызметтерді көрсету бойынша» рұқсаты бар «КазГрандЭкоПроект» ЖШС-ін қосалқы мердігер ретінде 10 пайыз мөлшерінде жұмысын беретіндігі туралы, конкурстық құжаттаманың 10-қосымшасында көрсеткені анықталды. Тиісінше, қосалқы мердігер «КазГрандЭкоПроект» ЖШС біліктілігін растайтын (біліктілік туралы мәліметтер, лицензия және т.б.) барлық растаушы құжаттарын ұсынған. Сонымен бірге, әлеуетті өнім беруші «Сантех-Строй Проект» ЖШС осы конкурс жеңімпазы болып танылған жағдайда, қосалқы мердігерлік жұмыстарды атқарып беретіндігі туралы алдын-ала ниеттену шартын қоса ұсынғаны анықталды. Бұл ретте, Заңының 24-бабының 2-тармағына сәйкес, әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға өтінімді мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы электрондық құжат нысанында конкурстық құжаттамада көрсетілген, өтінімді ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін береді. Яғни, құжаттарды берудің барлық рәсімдері Қағидада бекітілген үлгілерге сәйкес мемлекеттік сатып алудың веб-порталында электрондық түрде жүзеге асырылады. Камералдық бақылау барысында, конкурстық құжаттаманың 10 қосымшасы веб-портал арқылы әлеуетті өнім берушінің электрондық қолтаңбасымен расталып ұсынылғаны анықталды. Нәтижесінде конкурстық комиссия тарапынан, әлеуетті берушінің конкурстық өтінімі Қағиданың 150-тармағында көзделмеген негіздермен конкурсқа қатысуға жіберілмеген. Конкурстық комиссияның конкурсқа қатысуға өтінім ұсынған басқа әлеуетті өнім берушілердің конкурстық өтінімдерін конкурсқа қатыстырмау негіздері камералдық бақылаумен расталды. Жоғарыдағы анықталған бұзушылықтардың негізінде, https:/www.goszakup.gov.kz/ веб-порталында ашық

конкурспен өткізілген № 2242472-1 «Елді мекендерге құрылыс салу мен дамыту схемасын әзірлеу» мемлекеттік сатып алу процедурасын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңнамаларының талаптарына сәйкестендіруді ұсынамын.